

**Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы  
микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар  
аудандары жер-су атаулары негізінде)» атты 6D020500 филология  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу  
үшін дайындалған диссертациясына**

**ШКІР**

Мамышева Мөлдір Ерланқызының зерттеу жұмысы Абай облысы микротопонимдерін антропоцентристік парадигма аясында лингвомәдени жүйе ретінде қарастыруға арналған.

Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілеп қана қоймайды, сонымен қатар халқымыздың өткен тарихынан, тұрмыс тіршілігі мен дүниетанымынан, салт дәстүрінен хабар беретін рухани құндылықтардың бірі болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі аталған өңір топонимдерін лингвомәдени аспектіде ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет және ұлттық тарихпен байланыстыра қарастыруынан, сондай ақ топонимдердің тілдік табиғатын халықтың дүниетанымына, салт санасына, ұлттық болмысына қатысты зерттеуінен көрінеді.

Диссертацияда жалпы саны 4000 ға жуық жер-су атаулары жинақталып, зерттеуге түскен. Зерттеу барысында Абай облысы Аягөз, Ақсуат, Үржар аудандары микротопонимдері адам, қоғам, табиғат концептілері аясында зерделенген, аталған өңірдегі микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты айқындалып, құрылымдық және топонимжасамдық ерекшеліктері талданған.

Диссертация екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда тіл білімінің ономастикалық кеңістігі мен микротопонимдік жүйесінің зерттелуіне шолу жасалған. Бұл ретте қазақ топонимикасын зерттеуші Әбдірахманов, Т.Жанұзақ, Рысберген, Б.Тлеубердиев сияқты ғалымдардың, түркітанушы ғалымдар Мурзаев, Наханова, Молчанова, сондай-ақ Суперанская, Подольская, Попова т.б. ғалымдардың еңбектеріне тоқталған. Аталған өңір топонимдерінің концептілік жүйесі зерделеніп, адам, қоғам, табиғат концептілері талданған. Сондай-ақ аймақ топонимдерінің дүниенің тілдік бейнесін берудегі қызметі мысалдар арқылы дәйектелген.

Диссертациялық тараудың екінші бөлімі «Микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты» деп аталады. Бұл тарауда топонимдерді қалыптастырудың этимологиялық және стратиграфиялық ерекшеліктері қарастырылып, өңірдегі топонимдік атауларды қалыптастырудың топонимжасамдық сипаты айқындалады.

Ақсуат, Аягөз, Үржар ауданы микротопонимдерінің жасалу ерекшеліктері сөзжасамдық тәсілдерді негізге ала отырып лексика семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер, синтетикалық және семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер деп жіктелген.

Жалпы жұмыстың құрылымы талапқа сай. Диссертация ғылыми стильде жазылған, мысалдары нақты, тұжырымдары дәлелді.

Қорыта келгенде, Мамышева Мөлдір Ерланқызы «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациясы үшін 6D020500 филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

**«Alikhan Bokeikhan University» ББМ**

**Филология кафедрасының профессор м.а.,**

**филология ғылымдарының докторы**

*Г.Т. Әбікенова*

**Әбікенова Г.Т.**

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись		
<i>Әбікенова Г.Т.</i>		
КАДР БӨЛІМІ		
• 24 •	02	2023 ЖЛ.

